

## СОЛ ЖАҚТА-ОҢ ЖАҚТА, ЗАТТАРДЫ СӘЙКЕСТЕНДІРУ.

### ЕЛЕУСИНОВА МАХХАБАТ НУРТАСОВНА

Павлодар қаласы №11 бала-бақша тәрбиеші.

**Мақсаты:** тәулік түн бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) және санына қарай (үлкен - кіші) және санына қарай (бір-көп) салыстыруды үйрету. Қоршаған ортадан бір және көп затты, үлкен және кіші затты таба білуді дамыту.

Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер:** Ойыншық қоян, перде, заттардың оң жақ немесе сол жақ екенін көруге болатын сурет.

**Қостілділік компонент:** Сол жақта-слева, оң жақта-справа, дөңгелек- круг.

**Оқу қызметінің кезеңдері**

**Тәрбиешінің іс-әрекеті**

**Балалардың іс-әрекеті**

**Мотивациялық-қозғаушылық**

Ғажайып сәт.

Жұмбақ жасырады.

Қалқиып ұзын құлағы,

Елендеп қорқып тұрады. (қоян)

Сендер мұның не екенін білесіңдерме?

-Перденің артынан қояншығады.

Балалар мен амандасады.

Қоян балалардан өткен оқу қызметінде тәуліктің қай бөлігі туралы әңгімелегендеріне скетсіруді сұрайды.

Қызығушылық танытады.

Тыңдап шешуінайтады:

қоян

-Иә, бұл қоян.

Балалар сұраққа жауап береді: таңертең, күндіз, кеш, түн.

**Ұйымдастырушылық – ізденістік**

«Не қайдатұр» ойыны.

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

«Қалқиған екі құлағы,

Тырсетсе зытып тұрады.

Өзіноян, Бұл қорқақ...» (Қоян)

Қоян өзін суретте табуын сұрайды.

Қоян балаларға мынадай сұрақтар қойып, олармен әңгімелеседі.

-Меніңсолжағымда не отыр?

-Меніңоңжағымдақандайаңотыр?

**Сергіту минуты.** «Қоян»

Ыршып-ыршыпсекіріп ,

Қоянкелдікеңкііп.

Аяқтарыжаураған,

Қолдары да жаураған,

Жылытпақбоптырысты

Жүгірді де қуысты.

Біржоғары,біртөмен

Жүраяқтыңұшымен.

Секіреміз,отырамыз,

Аяқтардыжылытамыз.

Балаларжұмбақтымұқияттыңдап,шешуінтабады.

Балаларсуреттенқояндытабады.

-Түлкіотыр.

-Қасқыр.

**Рефлексиялық-түзетушілік**

Қоянтапсырманыдұрысорындағандарыүшінбалаларғарахметайтады.Балалармен қоштасады.

Сұраққояды:

-Бізқарындаштықайқолымызбенұстаймыз?

-Енді, солқолдарыңдықөтеріңдер.

-Біздіңтобымыздағыдөңгелекпішіндізаттардыатапберіңдерші?

Балаларқуанады.

Қоянменқоштасады.

-Оңқолымызбен.

Солқолдарыңкөтереді.

Балалараттайбастайды.

**Күтілетіннәтиже:**

**Біледі:** заттар мен фигуралардың саны бойыншаәртүрлітоптарынатайды;

**Игерді:** солжақты-оңжақты, қаншаболса, соншаны;

**Меңгерді:** қоршағанортадандөңгелекпішіндізаттардытабабілуді.

### «Көршісін тап» ойыны

Кіші көршім оң жақта,  
Үлкен көршім сол жақта,

Тұрушы еді қасында,  
Қайда кеткен жан-жаққа.



**«НАН ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ» (ертегісі)**

**СЕЙТЖАНОВА АЙМАН БИКБАЙҚЫЗЫ**

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақжар ауылы  
№7 «Шаттық» бөбекжай бақшасы тәрбиеші.

**Тақырыбы:** " Білім берусаласы: Коммуникация.

**Бөлімі** .Драма.

**Мақсаты:**Нанның қадірлеуге,дәнді егуден бастап,нан болғанға дейінгі еңбек түрлерімен таныстыру,сөздік қорларын молайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Көрнекілігі:** Слайд, ертегі атрибуттары,нан өнімдері,

**Билингвалдыкомпонент:**Егістік-поля, нан-хлеб, тышқан-мышь

<b>Іс-әрекет кезеңдері</b>	<b>Тәрбиешінің қызметі</b>	<b>Балалардың қызметі</b>
<b>Мотивациялық қозғаушы</b>	<p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Дән тамыры әріде</p> <p>Дәннен өсер бәріде</p> <p>Нан өмір -нәріміз</p> <p>Қастерлейміз бәріміз</p> <p>Қане енді балалар бір-біріміздің қолымыздан ұстайықшы.Не сезіндіңдер?</p> <p>Достықты, жылулықты, мейірімділікті.</p> <p>Қане балалар орнымызға жайғасайық.</p> <p>Балалар біздің Елбасымыз кім?</p> <p>Балалабақшамыздың аты қалай</p>	<p>Шаттық шеңберін іс қимылмен жасайды.</p> <p>Н.Ә.Назарбаев</p>

<p><b>Іздестіру ұйымдастыру</b></p>	<p>аталады ?</p> <p>Тобымыздың аты қалай аталады?</p> <p>Балалар бір жылда неше мезгіл бар? Қане атайықшы.</p> <p>Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>Слайд арқылы балаларға бидай дәнінен нанның қалай жасалатынын түсіндіру.</p> <p>Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер, мен сендерге жұмбақ жасырамын. Сендер ертегінің атын табуларың керек.</p> <p>1. Үйін жинап ертемен Мейіз тауып алыпты Мысығына келмеген Ол өкпелеп қалыпты</p> <p>2. Атадан да қаштым Әжеден де қаштым Қояннан құтылдым, Қасқырдан да құтылдым</p> <p>3. Тышқан келді дүкенге Күзет кірді бірді демде Қызығып кетті бөлкеге Қайдан келдің сөреге</p>	<p>"Аялы алақан" балабақшасы.</p> <p>"Балдырған" тобы Төрт мезгіл бар Қыс, көктем, жаз күз. Қыс мезгілі</p> <p>"Мақта қыз бен мысық" ертегісі</p> <p>"Бауырсақ" ертегісі</p> <p>"Нан қайдан шығады" ертегісі</p>
-------------------------------------	--	--

	<p>Бұл қай ертегі ?</p> <p>Жарайсыңдар балалар жақсы шештіндер.Ендеше балалар мен сендерге "Нан қайдан шығады" ертегісін айтып беремін.</p> <p>Қуыршақ театр арқылы әңгімелеу.</p> <p>Балалар сендерге ертегі ұнады ма?</p> <p>Ертегі не жайында айтылған екен?</p> <p>Балалар бізге бүгін қонақ апайлар келіпті қане оларға ертегіні рөлдерге еніп ойнап берейікші.</p> <p>Жарайсыңдар балалар.Ал енді білімімізді жетілдіру үшін орталықтарға бөлінеміз.</p> <p>Үш орталыққа бөлінеміз.</p> <p>Балалар түсті фишкалар арқылы орталықтарға бөлінеді.</p> <p><b>1.Әдебиет орталығы:</b></p> <p>Нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеу,тақпақтар айту.</p> <p>Мақсаты: Баланың тілін, ойлау қабілетімен байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p>	<p>Ертегіні қызыға тыңдайды.</p> <p>Рөлдерге еніп ертегіні ойнап береді.</p> <p>Орталықтарға бөлініп жұмыс жасайды.</p> <p>Орталықтарда қандай жұмыс жасағандарын</p>
--	---	---

	<p><b>2.Өнер орталығы:Суретпен жұмыс.</b></p> <p>Нан өнімдерінің суретін бояу.</p> <p>Мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту,түстерді ажырату</p> <p><b>3Құм мен су орталығы.Әртүрлі</b></p> <p>пішіндерден нан өнімдерін жасау.</p> <p>Мақсаты: Сезім қабілеттерін дамыту.</p> <p>көлемдік өлшеу түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларды сылдырмақ арқылы жинап алу.Балалардан қай орталыққа барып,қандай жұмыс жасағанын сұрау.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b></p> <p>Жайқалады ақ бидай, Басын иген аққудай Трактор мен комбайн Жүргізуге мен дайын Тіл жаттығуы. Ін-ін-ін Жерге шықты егін. Ән-ән-ән Ұсақ,сары дән</p>	<p>айтады.</p> <p>Іс қимылмен сергіту жаттығуын жасайды.</p> <p>Тіл жаттығуларын жасайды.</p>
--	---	---

<b>Рефлексиялық түзету</b>	Ай-ай-ай Өсті алтын бидай Ан-ан-ан Міне ыстық нан Сонымен балалар нан біздің дастарханымызға қалай келеді екен? Жарайсындар балалар! "Ас -атасы нан,нан атасы-дән сол дәннен бастап нан болғанға дейін қаншама адамдар маңдай терін төгеді.Ендеше сол еңбекпен келген нанды қастарлеуіміз керек. Балаларды,мақтау, мадақтау. Балалар келген қонақтармен қоштасайық.Сау болыңыздар!	Нан біздің дастарханға үлкен еңбекпен келеді.  Сау болыңыздар!
----------------------------	--	--

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ертегі мазмұнын,нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын.

**Меңгереді:**Нанды қастерлеу керектігін, көрнекі құралдарды пайдалана отырып, тақырыпты меңгеру:



## **БАЛАБАҚША-БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ**

**УСЕНБАЕВА МИРА САҒЫНБЕКОВНА**

*Шымкент қаласы*

*№38 «Қуаныш» бөбекжай-бақшасы әдіскер.*

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі, өсіп келе жатқан жас ұрпақ білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп- ол балабақша

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша тәрбиешілері. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзіміздің басты мақсаттарымыздың бірі екенін қуана айта аламыз.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» – деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата – анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс – тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты. Тәрбиеші – киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін – ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту – ол оңай шаруа емес. Тәрбиеші – суретші, әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог.

Осы бүлдіршіндеріміз әр мерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сызушы балаларды байқауға болады. Кішкентай балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір –біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтып отырады. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті ермексаз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді..

Балабақша-келешек, ел басқарар, жер суына иелік етер, ел халқын гүлдендірер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шындап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя.

Балабақшамыздың жақсы жетістіктерге жетуі, әрбір тәрбиешінің өз еңбегінің нәтижесімен, жаңалығымен біліктілігі мен білімдерінің арқасы деп

білеміз. Балабақша топтарында өз жұмысын жақсы білетін, бірінші, екінші санатты мамандар жұмыс жасайды. Балабақша ұжымының әрбір қызметкерлерінің міндеті- күнделікті тәрбиеленуші бүлдіршіндерге бақыт сыйлау.

«Үйренер нәрсең-білім мен мейірімділік»-деп, Жүсіп Баласағұн айтқандай, балабақша ұжымы әрбір күнін ізденіспен өткізеді.

Осындай маман иелерінің кәсіби шеберлігін арттыруда олардың маңдай тері еңбектерінің жемісін көруге көмегін тигізетін әдіскер қауымының атқарар еңбегі қашанда ауқымды, маңызды, қажетті және жауапты іс болып қала бермек. Педагогтарымыз үнемі, шығармашылық ізденіс жолында..

Біздің мамандығымыздың қыры да, сыры да сол – күн сайын көз алдымызда өсіп, дамып келе жатқан жас ұрпақпен жұмыс істеу. Өмірге келген әрбір нәресте отбасында ата-анасынан бастап барлық туған туыстардың махаббаты мен жылулық шапағатына бөленіп өседі. Әр отбасында тәлім – тәрбие алып 2 жасқа толғанда ата-аналар жүректерінің бір-бөлшегін сеніп толықтай бір күнге балабақша әкеліп тапсырады. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін ол- балабақша тәрбиешісі. Балабақша баланың өмірге аттаған алғашқы қадамы. Басқан алғашқы қадамынан баланың болашағы қаланады. Әрбір кішкентай ғана бүлдіршінді өмірге енді аяқ басқан сәтте көңілінің кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлес қосатын алтын ұя. Аса сабырлықты, шыдамдылықты, жылулықты қажет ететін үлкен кәсіп иелері жұмыс атқарады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Бір үйдің кенжесі, бірі тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке баулитын орта-тағы да балабақша.

Балабақшадағы оқу қызметтері бес сала бойынша іске асып, балалар бойына ойын түрінде білім нәрін сусындатады. Тілін дамытып ортаға бейімдеп қарым- қатынасқа икемдейді, Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру арқылы оң мен солын, ұзын қысқа үлкен кішісін ажыратуға, жапсыру, мүсіндеу, суретсалу арқылы шығармашылығы дамып, түрлі ойындар арқылы әлеуметтік ортаға бейімдейді, қоршаған ортада табиғат құбылыстарымен жақынырақ танысады. Өздері түрлі рөлдерді сомдай отырып, салмақтауды үйренеді, сонымен бірге шынығып, салауатты өмір салтын ұстап өсуі жолында да берілетін осы балабақша жұмысының еңбегі ұшан теңіз.

Қазіргі заман талабына сай өнерлі, шығармашылыққа бай, жан-жақты дамыған, өздерінің жағымды жақтарын көрсете білетін, өз ойларын ашық айтатын ұрпақ тәрбиелей отырып, мәңгілік ел болып қалыптасудың алғашқы қадамдары деп білемін. Салыстырмалы түрде сөйлейтін болсақ, кімнің пікірімен бөліссек те балабақшаға барған баламен, бақшаға бармаған баланың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Қай жағынан болмасын – адамдармен қарым- қатынас жасағанда да, сөйлеу мәнерлерінде де, өз ойларын жеткізе білуде де

тағысын сол сияқты көптеген құбылыстарда да айырмашылықты байқап жатамыз. Ата-ана балаларын балабақшаға берместен бұрын «ол жерде балам не үйреніп шығады, тәрбиеші қандай болады екен?»- деген сұрақтар мазалайтыны түсінікті. Сондықтан да бақша-тек балаға бас көз болып қарайтын, осы еңбектері үшін мемлекеттен жалақы алатын адамдардың жұмыс орны деп қарамау керек. Керісінше, бақша менің балама білмегенді үйретіп, жақсыны беріп, жаманнан жирендіретін, білімді де білікті мамандардың ордасы деп білуі керек. Сонымен бірге балаларын өздерінен де асқан жауапкершілікпен бала тәрбиесіне мән беретін – сенімді тұлғалардың мекені деп те баға беретіндей дәрежеге жеткізуіміз керек.

Балабақшада дұрыс тәлім – тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Болашақ заңгерлерді – әділдікке үйрету, дәрігерлерді – жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды – нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет.

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім – тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешіге байланысты. Баланың болашаққа қадам алып, жан-жағымен, қоршаған ортасымен танысып, ең бірінші білім, тәрбиемен сусындайтын орны – балабақша.

Сондықтан тәрбиешілер бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай, үнемі ізденіс үстінде жүру керек. Олай болса заман талабынан қалмай, заманауи болашақ балаларды тәрбиелейік. Балабақша баланы ең алдымен тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады. Қазіргі заманда әр отбасында дүниеге келген сәбиді, өсіп жатқан буынды өзінің ана тілімен сөйлету-ұлттық қасиетіміздің дамуының бірден бір жолы. Мектепке дейінгі тәрбие саласында ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі-халқымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлерін ана тілінде түрлендіріп, сол арқылы баланың тілін дамыту. Әрбір бөбектің өз ана тілінде тілі шығып, осы тілде ойлау қабілетінің дамуы-ұлттық мінез-құлықтың қалыптасу жолы. Ана тілінің қадір-қасиетін жастайынан түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, пәк, инабатты, биязы болып өсетініне өмір тәжірибесі куә.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік.

## «БІЗ СПОРТТЫ ТАҢДАЙМЫЗ»

### МАРАТОВ ЕРКЕБҰЛАН МАРАТҰЛЫ

Шымкент қаласы №38 «Қуаныш» бөбекжай-бақшасы  
Денешынықтыру мұғалімі

**Мақсаты:** Спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылығын арттыр, спортқа деген сүйіспеншілігін нығайту. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың жылдамдығын және ойынға деген белсенділігін арттыру. Балаларды шапшаң қимылдауға үйрету.

**Кіріспе:**

**Жүргізуші:** Спорт деген азанда,  
Алады да тұрғызып,  
Еріншектік аз онда,  
Бастайды ойын бір қызық.  
Аяздада тоңбайсың,  
Ыстыққа да күймейсің,  
Сергектікті қолдайсың,  
Жалқаулықты сүймейсің,  
Бақыт сенен қашпайды,  
Өнер білген пайдалы,

Спорт соның айғағы дей тұрып, балалар арасында өткелі жатқан «Біз спортты таңдаймыз» атты сауықтыруымызға қош келдіңіздер! Құрметті қонақтар, педагогтар және балаларды мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, мол бақыт, жұмыста табыс .

**Ойын: «Кенгуру» жарысы**

**Шарты:** Үрленген шарлармен кедергілер арасымен секіріп, белгіленген межеден айналып келеміз. Біріші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.

**Жүргізуші:** Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,  
Өмірде бақыттысың, денің сауда.  
«Денсаулық терең бақыт» деген сөзді  
Құр айтпағанұлы Абай данамыз да,  
Деніңсаудакүштісіңбүләлемде,  
Деніңсаудасұлусың жербетінде  
Солмықтыденсаулықтыңарқасында  
Жетерсіңәліталайбақыттарға, -дейкелеортаға:

**«Жүйрік паравоз» жарысы**

**Шарты:** бірінше бала паравоз, қалған балалар вагондары болады. Бірінші паравоз бала белгіленген жерден өзі айналып келіп, екінші баланы ерітіп

айналып келіп, үшінші баланы ерітеді, жарыс осылай жалғаса береді. Жарыс соңында қай топтың паравозы вагондарын жинап мәреге бірінші жетсе сол топ жеңеді.

Ат өнері білінбес,  
Бәйгеге түсіп жарыспай.  
Ер өнері білінбес,  
Қоян-қолтық алыспай.

#### **«Бәйге» жарысы**

**Шарты:** балаларға ағаш ат беріледі. Осы ағаш атқа бір топтың екі баласынан мініп, белгіден айналып келеді. Қай топ бірінші болып аяқтаса, сол топ жеңіске жетеді.

#### **«Арқан тартыс» жарысы**

**Шарты:** ортаға арқан беріледі. Арқанның қақ ортасынан бегісі бар. Екі топ арқанның екі жағынан ұстап белгі бойынша тартысады. Қай топ арқанды өзіне қарай тартып алса сол топ арқан тартыс жарысы бойынша жеңіске жетеді.

#### **Жүргізуші:**

Жарыс заңы ежелден,  
Жеңімпазды анықтау,  
Жеңімпаз болу шартысол,  
Еңбектену, жалықпау.  
Біреуозсасайыста,  
Біреуарттақалады.  
Бұлсайыстаренжімей,  
Тараса бізгежарады,—

демекшісайысымыздыңшарттарыбойыншақорытындышығарыпжеңімпаздыанықтап, марапаттаусөзәділқазыларалқасынаберіледі.

#### **Жеңіскежеткен топ марапатталады.**

#### **Жүргізуші:**

Жарқын,шаттықзаманболсын,  
Отбасымызаманболсын.  
Сыйластықпен бірлікболып,  
Әрқашан орта толсын.

## МЕНИҢ МАМАНДЫҒЫМ-МУЗЫКА ЖЕТЕКШІСІ...

### АЛИМБЕТОВА РОЗА ДЖАНГАБАЕВНА

Шымкент қаласы №38 «Қуаныш» бөбекжай бақшасы музыка жетекшісі

*«Егер бала кезімде музыканы сүймесем,  
мен ешуақытта өнер жолына түспеседім»*

*С.Т. Коненков*

Жәйғана құлаққа естілгенде құрғақ, жансыз біртектес...

Бірақ тереніңе үңілсек осы екі сөздекеремет жапапшындық жатыр. «Музыка жетекшісі» керемет, сезімтал, мейірімді білмейтіндерге қолұшын созушы, жаңалыққа жаны құмар жандар.

Музыка дегеніміз-сырлы да сиқырлы дыбыс. Біз ол музыканы сезінуге, түсінуге естуге үйретеміз. Әуен жүрегіңді баурап, жан тербетер ән, сазды музыка тыңдағана адамның жүрегі жайтауып, рахат сезімге, ерекше қуанышты жәйкүйге бөленеді. Музыка көңілдікөтереді, бойды сергітеді, жанға жайлы эмоция тудырады. Музыка адамға қанат бітіріп, бүкіл әлемді бағындырғандай күйге бөлейді.

Музыка жетекшісі жәйғана мамандық емес-оны атақабой мен алып жүру керек. Мен жұмбақ және сиқырлы музыка әлемінің есігіна қараашамын...

Менің атқарып отырған қызметімдегі мәртебе – олбалалардың көзіндегі музыка тіліне деген қызығушылықтары.

Мерекелік сценарийлерді құрушы, ойын-сауық бағдарламалардың жасалуына, олардың әзірлеуіне, көрнекі құралдарды, материалды уақтылы әзірлеуші – зор мамандық иесімін.

Баланың музыканы тыңдауы, қабылдауы, естесактауы әнді жеке айту, қосылып айту, әннің сөзін дұрыс анық айту, әні мен сөзі арасындағы байланысын, ән мен дене қимылының үйлесімділігін бере білу, қызығушылығын қалыптастыру- музыка жетекшісінің шеберлігіне, іскерлігіне, білімділігіне, осы мамандықты бар жандүниесімен меңгере білуінде деп білемін.

Шығармашылық саланың ішінде музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз- сұлулықты, көркемдікті сездіртіп, үйретіп қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру.

Мектепке дейінгі жастағы балалар әрнәр сөзге бейім, ересектер не үйретсе соны қабылдап алады және көп нәрсе күтеді. Үлкендердің айтқанын тез қабылдайды. Олардың жандары сондай нәзік және өтесезімтал болып келеді.

Менің өзім осы балалармен жұмыс жасағанда, музыка

тілінің құдіреттілігін жаңаша көзқараспен және жүрекпен шынайы сезіне білдім. Менің көзімнің жеткені балалар да бізге көп нәрсе үйрете алады. Мысалы: Бала сияқты сезіну, сүю, түсіну ересектерде табиғатында жоқ нәрсе. Бала бақшаға келген балалар сондай нәзік, пәк, таза күйінде келеді. Балалардың үлкен өмірге деген іргетасын біз қалаймыз. Яғни, балалардың болашақ тәрбиелі, мәдениетті болып өсуіне біздің қосарулесіміз зор. Баланың ішкі жандүниесінің бай, ой-өрісінің дамуы, асыл қасиеттерін, қабілетін дамытушы біз - музыка жетекшісі. Мені қуандыратын жағдай балалардың музыка залына ерекше құштарлықпен келуі. Мен оларды көргенде бойымды ерекше қуаныш сезімі кернейді. Кіп-кішкентай балалардың өздері мені көргенде көздерінде қуаныш лебісі сізіліп тұрады. Мен балаларды ән тыңдатуға, әнайтқызуға, би қимылдарын үйретуге, музыкалық аспаптармен таныстыруға барынша жігеріммен дайындаламын. Музыка оқу іс-әрекетінде балалардың қиялы ұшқыр музыка әлемі мен ертегі әлемінің арасындағы ортақ қызығушылықтар байланыста бады. Мерекелікті ұйымдастырғанда әрдайым балаларға қолайлы өзаратүсінушілік, ерекше қиялға жайып әлеміне саяхат жасатуға тырысамын. Балалардың жеке басының қасиетін, қабілетін, талантын, шығармашылықпен ұштайтын дайындайтын ұйымдастырамын. Шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттырату үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану міндетіміз. Біздің міндетіміз балаға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншілігін ашып көрсету. Музыка тілін терентүсінген және менгерген адам кеңпейіл, ақылды, сезімтал өзіне жақына адамдарды, айнала қоршаған ортаны сүйеді, түсінеді, сезінеді деп білемін. Біз тәрбиелеп отырған бүлдірші дер болашақта ақылды, қабілетті, белсенді болып өсетінін сеніміміз!!! Біз көңілді баламыз, Өнер қуғандарамыз. Әнгесалып әдемі, Бақшаны жырғақосамыз! «Қуаныш» бөбекжай бақшасының музыка жетекшісі: Р.Д. Алимбетова



## «РАЙХАН ГҮЛІ» (ертегі)

### ЖУРМАНОВА АЙНУР ПЕРНАЛИЕВНА

Шымкент қаласы №38 «Қуаныш» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші.

**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын эмоционалды қабылдай білу. Сұрақтарға жауап бере отырып, мазмұнын айтып беру.

**Көрнекіліктер:** гүлдер туралы слайд, фланеграф райхан гүлі ертегісі туралы Балалар көңіл күйлерің қалай?

-Тамаша. Олай болса, қонақтармен амандасып алайық., бүгінгі күніміз сәтті, көңілді өту үшін жылулық шеңберін құрайық.

#### Шаттық шеңбері

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді білмейміз

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып аламыз

Сәлеметсіздер ме, апайлар!

Балалар енді жаймен орнымызға отырайық. Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын. **Жұмбақ жасыру**

Аналарға сыйлайтын, Аралар бал жинайтын. Бұл не балалар, Үзуге адам қимайтын. (гүл),

Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: Райхан гүлі деп аталады.

Гүл дегеніміз-өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы күлтесі болады. Гүлдер дала гүлдері, бақша гүлдері, бөлме гүлдері болып бөлінеді. Дала гүлдеріне өздеріміз білетін бәйшешек,

қызғалдақ раушан, түймедақ, райхан гүлдері т.б гүлдер жатады. Дала гүлдері күтімді көп қажет етпейді. Ал, бөлме гүлдері күтімді қажет етеді. Оны күнделікті су құйып, топырағын қопсытып, шаңын сүртіп тұрмаса гүл өліп қалуы мүмкін. Гүлдерді жайдан жай өсірмейді. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей, олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің түрлері өте көп. Балалар мынау райхан гүлі. Емдік өсімдіктердің бірі. Бұл гүлден емдік дәрі дайындайды.

Билингвальды компонент: гүлдер, райхан гүлі-цветок

Ғажайып сәт: Осы кезде есік қағылады. Сәлеметсіздер ме, балалар!  
Мен Гүл ханшайымы боламын. Сіздер мен туралы айтып жатыр  
екенсіңдер. Мен сендерге қонаққа келдім.

Гүл ханшайымы төрлетіңіз.

---Гүл ханшайымы: мен де құр келгенім жоқ өзіммен бірге райхан гүлінің  
суретін ала келдім. Райхан гүлінің күлтелерін бояп маған көмектесіңдерші.  
Енді Гүл ханшайымына біз әдемілеп, райхан гүлінің күлтелерін бояп  
берейік. Триз әдісі арқылы саусағымызбен дайын бояуды райхан гүлінің  
күлтелеріне жағып бояймыз.

Бүгін біз райхан гүлі туралы ертегімен танысамыз. Барлығымыз мұқият  
тыңдаймыз.

Баяғы өткен заманда райхан гүлі өмір сүріпті. Райхан гүлінің басқа достары  
болмапты. Бір күні күн бұлттанып, жаңбыр жауа бастайды. Райхан гүлі  
жаңбырдан қаша алмайды. Жаңбыр жауып, басылған соң, күн қайта  
ашылады. Кейін райхан гүлінің көңілі көтеріліп, қуанады. Бір кезде оның  
басындағы тұқымы жерге себіледі. Райхан гүлі оны байқамайды. Райхан гүлі  
тағы да менің достарым жоқ, деп мұңайып жылай бастайды. Қарап тұрған  
күннің көзі жабылып, тағы да жаңбыр жауады. Жаңбырдан соң, райхан гүлі  
жан-жағына қараса кішкентай-кішкентай гүлдердің шыға бастағанын  
көреді. Райхан гүлі: «Енді менің достарым көбейді, алақай!» - деп  
қуанды. Содан бері райхан гүлдері жерге шыға бастапты.

–Ертегі қандай гүл туралы - райхан гүлі

Райхан гүлінің достары болған ба?

-Жоқ

Балалар, райхан гүлінің тұқымы жерге түскеннен соң достары көбейді ме?

-Иә

### **Сергіту сәті**

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жаяды.

Сәл үф етіп жел соқса,

Діріл қағып тоңады.

Біздің райхан гүлдер,

Жапырақтарын жабады.

Басын сәл шайқап,

Тыныш ұйықтап қалады.

Гүл ханшайымы: Маған гүл туралы тақпақ айтып беріңдерші .

Гүлдер, гүлдер көп гүлдер,

Қызыл гүлдер, көк гүлдер.

Өсе берші нұрланып,

Өсе берші ырғалып.

–Гүл ханшайымы балалар ,енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Гүлдер мен көбелектер. Барлығымыз орнымыздан тұрамыз бәріміздің қолымызда әртүрлі көбелектер бар. Музыкамен балалар гүлдерге ұқсап, қозғаламыз,гүлдерге ұқсап қуанамыз.Музыка тоқтағанда мына жердегі гүлдің түсіне байланысты қолымыздағы көбелектерді гүлге қондырамыз.

–Гүл ханшайымы балалар менің кететін уақытым болды. Маған райхан гүлінің суретін бояп, бердіңдер.Мен райхан гүліне апарып, достарының көп екендігін айтайын. Сендерге көп-көп рахмет.

–Сау болыңдар ,балалар.

-Балалар бүгін біз қандай ертегімен таныстық?

-Бізге қонаққа кім келді?

-Қандай ойын ойнадыңдар?

-Жарайсыңдар!

Бүгін барлығың да оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар сендерге сыйлық беремін.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**гүлдерді,гүлдердің қайда өсетінін,гүлдер туралы тақпақты біледі;

**Игереді:** ойын шартын ,райхан гүлін бояуды игерді;**Меңгереді:** райхан гүлі туралы ертегіні меңгерді;

## **МАЗМҰНЫ**

- **ЕЛЕУСИНОВА МАХХАБАТ НУРТАСОВНА**
- **СЕЙТЖАНОВА АЙМАН БИКБАЙҚЫЗЫ**
- **УСЕНБАЕВА МИРА САҒЫНБЕКОВНА**
- **МАРАТОВ ЕРКЕБҰЛАН МАРАТҰЛЫ**
- **АЛИМБЕТОВА РОЗА ДЖАНГАБАЕВНА**
- **ЖУРМАНОВА АЙНУР ПЕРНАЛИЕВНА**